

отправителя текста на его получателя, особенности музыкального сознания автора, эксплицируемые в языковых единицах, экспрессивно-стилистические особенности терминологических ремарок.

Музыка - это не случайный, хаотический набор звуков, а упорядоченная коммуникативная система. Рождение музыки как феномена сознания из звучащей символизации эмоций и переживаний, движения мысли и поведенческих действий - факт универсальный и столь же природный, как и культурно-движимый. Данное обобщение наталкивает нас на концептуализацию сущности музыкального сознания в особой психологической реальности. Из звуковой стороны интонирующего сознания, рождалось музыкальное сознание, все более приобщаясь к служению социуму и культуре. Чтобы сочинить музыкальный или словесный текст, надо представить его вначале как некую идеальную модель целого. Другой важной частью музыкально-языковой способности, является умение разворачивать исходный замысел в последовательность языковых элементов, где их индивидуальная комбинация есть выражение музыкальной мысли.

Таким образом, музыкальное сознание – категория, которая охватывает этнокультурный феномен и может быть понято как обобщенная «музыкальность» этноса, характеристика его ментальности, выраженная в первую очередь не только вербально или материально, а интонационно. Тип интонирования воплощается интегральной индивидуальностью музыкального сознания, являясь «орудием» развития музыкального сознания и освоения выразительной интонации в звуке. В переводе содержания в форму выражения, которое осуществляется в процессе порождения звуко-символических форм и музыкальных явлений, происходит абстрагирование музыкальной формы в языковые элементы - ремарки (указания в вербальной форме, уточняющие композиторский замысел). Изучение музыкального сознания в психологическом аспекте, позволило выстроить основные координаты: 1) смысловое наполнение как отражение в интонировании опыта переживаний автора; 2) стадии формирования музыкального сознания через довербальный «интонированный смысл» к вербальному осознанию образа.

Если термины тяготеют к стабильности, всеобщности, постоянству, системности, норме, традиции, то музыкальные ремарки, напротив, подвижны, изменчивы и существуют в индивидуальных объектах, как продукт индивидуального мышления, в них наиболее явно обнаруживает себя творческая функция авторского сознания. Ремарки воплощают неповторимую мысль в неповторимой форме – отсюда их новизна и своеобразие, в них проявляется психическая индивидуальность автора, его темперамент, эстетический идеал.

1. Арановский М.Г. Музыкально-языковые способности // Ритмо-интонационные формы. - М. 1974. - С. 23-25.

2. Асафьев Б. Музыкальная форма как процесс. - М.-Л., 1973.

#### Summary

The article is talking about the pragmatic aspect of learning of relationships of author as the language sign keeper and the language sign itself.

### ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ (сөйленістер лексикасы бойынша)

М.С.Атабаева –

*филол.ғ.д., проректор м.а., Абай атындағы ҚазҰПУ*

Тілді оның өз тарихы, сол тіл иесінің тарихы аспектісінде қарастырғанда, мәдениет ұғымының әр қырына соқпай өту мүмкін емес, өйткені мәдениет–адам әрекетінің жиынтығы, оның қорытындысы, еңбек пен тәжірибе арқылы жинақталған, рухани әлем, өнер арқылы танылған қабілетінің тілдегі заттанған бейнесі. Ол халықтың мінез-құлық, дүниетанымының айнасы ретінде сөз мағынасынан көрінеді.

Материалдық мәдениет деректері адам баласының күнкөріс кәсібімен үй-жай салу, оның техникасын игеріп жетілдіруімен байланысты пайда болып, толығып отырды, сондықтан үй-жай мәдениет феномені саналады. Үй-жай ұғымының айналасында тұрмыстық мәдениет деректері өрбиді: а) **үй бұйымдарының атаулары**. Үй тұрмысында қолданылатын заттардың ішінде халықтың көшпелі тұрмысында аса қажеттілерінің бірі *сандық, кебеже*, тәрізділер, оның *абдыра/абдіре, ариша, әрже, бөгіре/бөгіре* лексемалары – сандық атауларына; *тайсандық, кеусандық* - үлкен сандық *жағылан/жақтан*

былғары чемодан атауына жатады, *текше сандық* - сандықтың формасына қарай түрі. *Абдыра/әбдіре* өткен тарауда кірме сөздерге байланысты талданды, ал *арша, әрже* атауларының негізі – көне түркілік *аршы* сөзі диалектілердегі *арша/әрже* өзгеріске түскен түрі болу керек (*Арша* үстіне көрпе-төсек жиылған, тұстық ілінген (Қарак.). *Әрже* – Семейдің Ұржар, Ақсуат аудандарында кездессе (*Әржеңді* алып келіп мәшинеге сал(Ақс.), Абай ауданыда - *әржі* (Абайдың қолжазбасы бір *әржі* еді). *Әрже* сөйлем мағынасына қарағанда чемодан қызметін атқарып тұр. *Аршы* – М.Қашқарида “дорба, қалта” (Қашқари, 1,154), “салу, сақтау” мағынасы диалектіде қалған. Қостанайдың Аманқарағай ауданында *бөгіре* – сандық мағынасында (Шынаяқты бөгіреге сал), *бөгребас* түрінде ағаштан жасалған ыдыс-аяқ қоятын шкаф, буфет мағынасын білдіреді (Көкш.,Қызыл.). *Тайсандық, кеусандық* атауларындағы *тай, кеу* сыңарлары үлкен семантикасын үстейді. Ә.Қайдар “*тай*” түбірінің жеті түрлі мағынасын көрсеткен, оның ішінде “жүк” мағынасын да, “үлкен” (*тай қазан, тай сандық*) мағынасын да, “жайпақ, терең емес” мағынасын да кездестіруге болады (Қайдар, 2005, 254), осы соңғы семаның қатысуымен “кішкене қапшық, қап” ұғымын бейнелейтін *тайшұнақ* лексемасы жасалған. *Тайшұнаққа* астық салады, *тайшұнақтың* аузы тігілді (Шығ.Қаз.Тарб.). Қаптың көтеруге қолайлы болғандығын “таяз, терең емес” семасын білдіретін *тай* түбірі аңғартады. *Текше сандық* - кішкене қол сандық (*Текше сандығың* толған бұл екен ғой. *Текше сандықта* шай тұрады (Сем.Абай), атаудың жасалуына сыртқы формасы әсер еткен халық тұрмысында алып жүруге қолайлы түрі де, сақтауға арналған түрі де болады.

*Асадал/асалал* ҚТДС-да [1,64-65] омоним түрінде беріледі. *Асадал* – кебеже, Ұлытау мен Маңғыстауда – кебеже (Шешейдің *асадалы* ертеде жасалыпты (Ұлы.); Шу, Аягөзде ыдыс салатын сырлы, оюлы шкаф (*Асадалдың* қақпағын өрнектеп те жасайды (Шу); *асалал* – ыдыс қоятын текше, ашық шкаф тәрізді нәрсе (*Асалалды* ағаштан істеп, киіз үйдің керегесіне іліп қояды (Қызыл.) және *асалал* – киіз үйдегі тамақ қоятын орын (Бұрынғы уақытта *асалал* дейтін текше болатын, оны ағаштан істеп, киіз үйдің керегесіне іліп қоятын еді (Шымк.,Түлк.). *Асадал* – *асалал* варианттары – қазақ диалектілеріне тән *д-л* алмасуының нәтижесі, лексема екі компоненттен тұрады: *ас+адал*. Екінші *адал* сыңарын А.Тұрышев *адалбақан* лексемасындағы адал сыңарымен байланыстырады [1,41-б.], *адал* (хәлел) араб сөзі – мұсылман заңы бойынша рұқсат етілген, таза, “чистый, святой” мағынасы В.В.Радлова (Радлов, 1т., 1ч., 482) көрсетіледі. *Ас* түбірінің түркі тілдеріндегі “тамақ” және одан туындайтын тамақ түріне байланысты атаулардың түп төркіні – Э.В.Севортян пікірі бойынша, көне ирандық “ас” (Севортян, 210). Ыдыс-аяқ салатын, сақтайтын, жиып қоятын орын атауының уәжіне *ас* және *адал* түбірлерінің мағыналары кездейсоқ алынбағаны анық. “Ас-адамның арқауы” дейтін халық оны қолдану құралы ыдыс-аяқтың тазалығына ерекше мән берген, мұндағы басты нәрсе гигиеналық шара ғана емес. Халық піскен тамақтың бетін ашық қоймайды, оны ит иіскеп, т.б. аралап кетуі мүмкін, яғни арамдалудан сақтанады, сондықтан ыдыс-аяғын да ашық-шашық ұстамайды. Ендеше *ас-* тамақ және *адал-*таза, тазалық мағыналарынан жасалған атаудың уәжі – гигиеналық, моральдық тазалықты сақтау, сонымен қатар бұл зат көшпелі тұрмыста қолайлы, ыдыс-аяқтың сынбай, шағылмай жетуін қамтамасыз етеді. *Асадал* лексемасы семантикалық жағынан аса мазмұнды екені көрінеді.

*Жағалан/жағылан/ жақтан* варианттарының *жағылан* формасы көпмағыналы сипатта көрінеді: 1) сыртын былғарымен қаптаған киім салатын сандықша (Біз чемоданды *жағылан* деп те айтамыз(Шу); 2)ерте кезде қайыс, былғарыдан жасалған сандық (*Жағыланға* мата салады(Жуалы); 3) кір салатын дорба (Қарак.). Сарысу ауданында *жағалаң* түрінде “былғарымен қапталған сандық” мағынасында қолданылады (Шай *жағалаң* ішінде), ал Қостанайдың Жангелдин, Қызылорданың Қармақшы аудандарындағы *жақтан* да осы мағынада (*Жақтанға* салған киім-кешек таза тұрады(Жанг.) Сөздің әр түрлі сөйленісте кездесіп, шашыраңқы диалектілік полисемия құрауы оның негізі бір, ежелгі сөз дегенді аңғартады. Ол – тері, былғары ұғымы. (Бұл туралы киім-кешек бөлімінде сөз болады.)

*Шанаиш* – теріден жасалған қап ұғымын бейнелеп, Ақтөбе, Қостанай, Алматы облыстарында кездеседі. (*Шанаишқа* дүз саламыз(Бірг.). *Шанаиш* толы ұн тұр (Жан.). *Шанаишта* ыдыс-аяқ тұрады (Сыр.). *Шанаиш* атауы *санаиш* формасында *ш-с* алмасуы түркі тілдерінде о баста болғанына дәлел ретінде М.Қашқари еңбегінде кездеседі: *санаиш*-дорба, теріден тігілген (Қашқари, 1,415) және *санач* - тері қалта, дорба (Боровков, 184), “торсық” мағынасында қырғыз (*чанач*, Юдахин, 814), түрікмен (*санач*), “тері мес” мағынасында ұйғыр тілінде қолданылатыны С.Малов еңбегінде көрсетілген (Малов, УНС, 149). Заттың теріден жасалуы, түркі тілдерінің біразында ұшырасуы оның көне түркілік элемент екенін дәлелдейді. Тері, біріншіден, мал баққан халық үшін қолда бар материал болса, екіншіден, халықтың мал өнімдерін игеру, оны қажетіне жарату әдіс-тәсілдеріне қаншалықты машықтанғанын пайымдатады. Мұндай қап,

кебежеде сақталған сусын, ұн, астық ұзақ уақыт сақтауға шыдайды әрі көшкенде бөктеріп т.б. жүруге де қолайлы.

Аталған сөздердің бәрінің де түп төркінінде көшпелі тұрмыс жағдайын танытатын семантика бар, ол – күнкөріс құралдары: киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. заттарды шашпай-төкпей алып-жүру, жеткізу, жақсы сақтау, реттілік, жинақылық архисемасы. Атаулардың біразы қазір де белгілі аймақтарда қолданылып жүр, тек заттық негізінің формасында, жасалу затында айырмашылыққа ие болған. “Сандық” семантикалы лексема қыз жасауының міндетті бір бөлігі есебінде салт-дәстүр ұғымында сақталған.

ә) **құрал-жабдық атаулары.** Егіншілік мәдениетнің бастау-көзі дерегіне соқаның ең алғашқы түрін бейнелейтін *ағаш сабан*, *ат сабан*, *ағаш тіс*, *амаиш*, *сабан*, *қолтіс* лексемаларын жатқызуға болады. *Ағаш сабан* осы күні жоғалды ғой (Қазт.) Бұрынғы кездің ағаш соқасын *ағаш тіс* деп те айтамыз (Алм., Гв.). Бұрын *қолтіс* деген ағаш соқа болатын (Шымк., Қызық.). Мүтән *амаишен* жер жыртып жүр (Мақт.). Қазақтар *сабанды* берегіректе біліп бастады (Түрікм., Таш.). Бұл атаулардың негізін құрайтын *сабан*, *амаиш* сөздерінің тамыры өте терең. *Сабан* – ұшында темірі бар соқа; *сабан* – қос өгіз, соқаға жегілген қос өгіз; *сабан* – егіншілік, жер жырту мағынасында М.Қашқари сөздігінде кездеседі (Қашқари, 1,461-462) және “*Сабанда* сандырыш болса, өрткүнде іртеш болмас” (Жер жыртқанда есеп-қисап болса, қырманда дау-шар болмас) сияқты мақал да берілген (Қашқари, 1,462). Мақал – егіншілік тақырыбында, алайда мағынасы түсіністік, бірлік, ұқыптылық, сенімділік, белгілі нәрсені ойлап, жобалау істеу туралы. *Сабан* қазақ сөйленістерінде соқа мағынасын сақтаған, *ат сабаны* атқа жегілетін соқа дегенді білдіреді (Қаратөбе). *Соқа* мағынасында түрік, татар тілдерінде бары Л.Будаговта (Будагов, 1,695), түркі тілдерінің бәрінде кездесетіні В.Радловта (Радлов, 4, 404) айтылады, бұл сөзден қазақ сөйленістерінде *сабанышы* – (соқашы, соқа айдаушы) және *сабан айдау* (жер жырту) туынды сөздері пайда болған (Қ-Орда, Арал), туынды мағынасы да түркі тілдерінде бар, мысалы, *сабанчи* (Тат.-рус,сл., 1950,206). Орыс тілінің жергілікті ерекшеліктері қатарына жатады, сөздіктер оның орыс крестьяндары тіліне көрші түркі тілдерінен ауысқанын көрсеткен: *сабань*, *сабаницик* (Даль, 4,126); *сабан* (тюрк. *Saban*) (Ушаков, 4, 18). Сөздің түркі тілдеріне кең таралғаны және сөзжасамға ұйытқы болуы оның жалпытүркілік сөздік қорға тән екендігін танытады.

Мақтаарал, Қызылқұм аудандарында қолданылатын *амаиш* атауын да М.Қашқари сөздігінен көруге болады: *амаиш* – соқа, мойынтұрық, егіншілік құрал-жабдығы деген түсінік берілген (Қашқари, 1,81). *Ағаштіс*, *қолтіс* атауларындағы сөз мағынасының ауысуына *тіс* түрі себеп болып тұр, “тістің” кесу семасы ұқсатуға негіз деуге болады. *Ағаштісте* – ағаштан жасалғандығы, *қолтісте* – қолмен ұстап жүру семалары бар. Егіншілік құрал-жабдығына байланысты аталған этнодиалектизмдер түркілердің көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа ауыса бастаған кезеңінен мәлімет береді. Ежелгі түркілер егіншілік құралдарын ойлап тауып, өздері пайдаланумен қатар көрші халықтарға да тарақан, ал *бүйрек*, *кеусен* (Қырмандағы астықты қызылдағанда сұраушыларға ырым ретінде берілетін бидай), *сабантой* сияқты атаулар – егіншілік мәдениеті дамуына орай қалыптасқан салттың бір көрінісі.

Халық тұрмысында күнделікті қажетті құралдардың қатарына от жағумен байланысты заттарды жатқызуға болады, негізінен, бұлардың аймақтарда айтылуында айырмашылығы бар, сәйкесті диалектизмдер жүйесін құрайды. *Шымиуыр*, *жәмке*, *жіптік*, *шаттауық*, *мәстемір*, *әтішкір* – шоқ қысқыш, шоқ салғыш зат атауларын білдіреді, бұлардың этимологиясы мүмкіндігінше өткен тарауда талданды. Заттардың бәрі де темірден жасалған, түркілердің темірдің сырын білуімен қатар от күдіретін түсіну дәрежесін пайымдатады. *Аттис*, *атауыз*, *жылқыауыз*, *балықауыз*, *кемпірауыз*, *сапсалғы* – атаулары қысқыш, шеге суыратын құрал ұғымын білдіреді, күрделі сөздердің жасалуына қызмет және түріне ұқсату себеп болған метафоралану мотиві *тіс*, *тістеу*, *ауыз* ұғымдарына негізделген, оның теңеу заты халық тұрмысында басты қызмет атқарушы жануарлар – *жылқы*, *қой*. Құралдар темірден жасалады, олардың алғашқылары *атауыз*, *жылқыауыз*, *аттис* деуге болады. *Сапсалғы* – ұсталардың темір қысатын аспабы (*Сапсалғы* ұста дүкенінде ғана болады. *Сапсалғымен* темір қысады (Сем.Абай), екі түбірден (*сап+сал*) және сөзжасам қосымшадан (*-ғы*) тұратын күрделі атау. Ә.Қайдар *сап* сыңарының он түрлі мағынасын келтіреді, оның ішінде қазір жеке қолданылмайтын “*сапыр<сап+ыр//сапсы-<сап+сы*” тұлғаларындағы “перемешивание, перебалтывание” (Қайдар, 2005, 247) мағынасы да бар. *Сапсалғы* күрделі атауының *сап* сыңары осы “араластыру” мағынасында деуге болады, ал Р.Сыздық (Сыздық, 1994,134) *сал* (*y*) етістігінің Қазтуған (Мен *салмадым* сен *салдың*), Шалкиіз (Жағы түкті жылқы айуан, иесін қайда *жауға салмаған*) Махамбет (Таңдап мінген тұлпарлар, Иесін қайда *жаяу салмаған*) шығармаларында “тастау, қалдырып кету” мағыналарында қолданылып тұрғанын, сөз төркінін қуа

келгенде, оның көне түркі-монғол сөзі болып шығатынын және: 1) бір нәрседен құтылу, тастау, қалдырып кету, арылу; 2) бөліну, айырылу; 3) жоғалту, айырылып қалу мағыналарын беретін етістік екенін айтады. Осындағы “бөліну, айырылу” семасы құрал атауын жасауға негіз болған деуге болады. Абай шығармаларында “Біреу малма сапиды, салып иін” деген жолдар кездеседі, *сапсу* – иге салынған теріні асты-үстіне шығарып аударыстыру деп түсіндіріледі, (Абай, 525), бұл мысалда “бөлу, ажыратып алу” семаларын сездіреді. Монғол тілінде *салах* (Мон.-қаз.сөз., 1954, 149), қалмақ тілінде *салх* тұлғалы (Рус.-калм.сл., 1964, 585) сөз “бөліну, ажырау” дегенді білдіреді, яғни *сапсалғы* атауы – “араластыра отырып бөлу алу” уәжі, оған зат есім тудырушы *-ғы* жұрнағы қосылу арқылы жасалған.

*Дөкет/лөкет/лөкір/дүкірт/дүкерт* варианттары мен *ләгөр пышақ* күрделі атауының шығу негізі бір саналады. *Дүкірт* – омоним сөз, соның бірі - *өткір пышақ*, екіншісі – *қайшы* (*Дүкертті* әперші, кездеме қыяйын (Алма.,Жам.), ал *дүкірт* варианты “мұрт басатын кішкене қайшы” мағынасында (Мұрт басуға бұл үйден *дүкірт* табылмас па екен? *Лөкет* – пышақ, үлкен пышақ (*Лөкетпен* ет турауға болмайды (Көкш., Еңб.) және *лөкет* – соқаның жүзі (Мына соқаның *лөкетін* таптатып алу керек екен (Қост.,Жан.) *Ләгөр пышақ* – үлкен пышақ (Орал, Жән.). Ә.Нұрмағамбетов сөздің архисемасын якут тілінің “ірі, үлкен, зор” мағынасындағы *ләңкә* сөзінен іздейді де, “өткір” мағына қозғалысының нәтижесі деп қарайды (Нұрмағамбетов, 1985, 30-31). Парсы тілінде *дәһрә* – кескіш, үлкен пышақ (Крат.перс.-рус.-азер.-сл., 1945). Диалектілердегі “өткір пышақ, соқаның жүзі, қайшы, кішкене қайшы” мағыналарына қарағанда, архисема “үлкен” ұғымы емес, “кесу, кескіш” мағынасы деген түсінік жақындау келеді.

Қамыр, нан жаятын құрал Түрікмен, Қарақалпақ қазақтарында – *астақта* (Кенжем, мынау үйдің *астақтасын* әкеле қойшы (Ашх.), Алматы облысында – *нан тақтай*, Таласта – *нан сүргіш* (Сіздің *нан сүргіш* Дүйсеннің үйінде (Тал.), ал оқтау Қостанайдың Жанкелдин ауданында – *нан ағаш* аталады. Нан жаюға қажет екі құрал Шелекте *оқтау-тақтай* қос сөзімен таңбаланған. Атаулардың қайсысында болса да, этимология айқын аңғарылып тұр, бірінші сыңар *ас*-тамақ және *нан*-шикі нан, қамыр, ал екінші сыңар *тақта*, *тақтай* жасалу затын білдіреді. Бұл қазақ этносының егіншілік мәдениетін меңгеру, астық өнімдерін пайдалану әдісін жетілдіргенен көрсетеді.

*Жайдақ шам/ жайдақ шыра* – батыс диалектісіне тән атаулар/ Дәлізге *жайдақ шыра* жағып қойы (Небид.). *Шам*, *шыра(қ)* түбірлері жалпыхалықтық тілде жеке қолданылады. *Шам* - үй мен өндірісті, көше бойындағы қараңғылықты сейілтуді үшін жағылатын жасанды жарық (ҚТТС, 10, 122-123), *май шам*, *білте шам*, *соқыр шам* – көне атаулар. *Шырақ* - бөлмені жарық етіп тұратын шырағдан, шам (ҚТТС, 10, 351). *Шам* және *шырақ* сөздері жарық беру мәнінде синонимдік қолданысқа сонымен қатар, *шырақ* сөзінің эксперсивті және этнографиялық (*шырақ жағу*- өлген әруақтарға арнап жағылатын шырағдан) мағынасы жалпыхалыққа тән. *Жайдақ*- тегіс келген жазық, жадағай, жайпақ. (*Жайдақ* арба, *жайдақ* етік, *жайдақ* жер т.б.) (ҚТТС, 3,524). Шамға қатысты алғанда оның мойынсыз, шілтерсіз, шынысыз түрін білдіреді.

б) **Көрпе-жастық, көрпе-төсек атаулары.** *Жорған/ жуырқан* - көрпе мағынасында қазақ диалектілерінің үлкен аймағын қамтиды. Сен өз *жорғаныңды* жамылып жат (Қост.. Об.). Біз далаға жатайық деп едік, екіден *жорған* тастапты (Түрікмен., Таш.). Далада *жорған* жамылмаса, жаурап қалуларың мүмкін (Қарак.). Қонақ балаға *жуырқанның* қалыңын бер (Алм., Еңб.). Сөздің *жамылғыш* мағынасы В.В. Радлов (Радлов, III, 425), *йорған* – жамылғыш А.Боровков (Боровков, 162) еңбегінде кездеседі, осыған қарағанда, архисема “жамылу, орану” болуы мүмкін. Мұндай мағына түркі тілдерінің көпшілігінде бар: ұйғырдың тұрфан диалектісінде *йүрге*-орау (Малов, УНС, 119), якут тілінде *сөре*-орау (Пекарский, II, 2307) *йөрге* – орау (Радлов,III,449,2044). Ә.Қайдар “йор” сөзіне *-ге* жұрнағы жалғанып туынды етістік, одан зат есім тудырушы *-к* жұрнағы “жөргек” туынды зат есімін жасайтынын айтады (ҚТҚЭС, 90). Осы деректер арқылы Ә.Нұрмағамбетов *жорған/жуырқан* сөздерінің этимологиясын “*йөр+ге > йорға+н > йорған > жорған* немесе *жуырқан*” деп түсіндіреді (Нұрмағамбетов, 1985, 48). Сонымен *жорған / жорыған/ жуырқанның* архисемасы – “орау, қымтау”, көне түркі сөзі, сондықтан түркі тілдерінің әдеби тілінде, диалектілерінде қолданылады. Хакас-*чорған*, тоғалар-*чорған*, теріден жасалған көрпе (Рясянен, 74, 197); ұйғырдың хотан турфан диалектілерінде – *йотқан* (Малов, УНС, 116,117); тува - *чоорған*, якут – *суорған* (Пекарский, II, 2348), қырғыздың әдеби тілі мен солтүстік сөйленісінде – *жуурқан* [2,45-б.].

Көрпе-төсек, көрпе-жастық тобында енді бір көңіл аударатын сөз – *көпшік*, жастық мағынасында, негізінен, батыс диалектісінде қолданылады (*Көпшіктің* тысын ауыстыр (Ырғ.). Балаларға *көпшік* тасташы (Арал). М.Қашқари еңбегінен “*көп, күп*” түбірлі бірнеше сөзді келтіруге болады: *көпсүн*-көрпе,

төсек (Қашқари, 1, 496), *көпшүк* – ердің үстіне жабатын көпшік (Қашқари. 1, 538), бұл мысалда көрпе тәрізді жұмсақ жапқыш туралы айтылып тұрғаны аңғарылады, өйткені көрпені жабады немесе төсейді. Осы мағына Шу, Мерке аудандарында – *аткөпшік*, Шелекте – *аткөрпе* күрделі атауларымен беріледі. Сөз мағынасының пайда болуына әсер еткен *көп/күп* түбірлері білдірген “жұмсақ” мағынасы болу керек. М.Қашқари еңбегінде: “жұмсақ, мамық” *кевшек* аталады, *кевшек нең* - жұмсақ нәрсе, жұмсақ тон, соған ұқсас зат; *күвшек ет* – жұмсақ еті, *күвшек етмек* – жақсы қамырдан үлбіреп қабарған нан деген анықтама келтірілген (Қашқари, 1, 539). Деректер тек көрпе, жастық туралы емес, жалпы *жұмсақ* ұғымы туралы екені дәлелдеуді қажет етпейді, сонда көне түркілік *жұмсақ көрпе, жапқыш; жұмсақ ет, нан* мағынасын білдірген *көп/күп* түбірінің *жұмсақ* семасы құс мамығынан жасалған затқа атау болған. *Аткөрпе* мағынасында *көпчүк* қырғыз тілінде (Юдахин, 427), *кепчек* жастық мағынасында чуваш диалектісінде (Сергеев, ДСЧЯ, 31) кездеседі. Жалпыхалықтық тілде *көп* түбірінен *көпсі, көпсік, көпсіт, көптір, көпшікте* т.б. сөздері тарап, тура және әр түрлі ауыспалы мағыналарда жұмсалады. *Көпсі*. 1) қопсыды, көтерілді; 2) быржиды, ісінді; 3) көпіршу; 4) бұрқырады, қожыды, борпылдады мағыналары *қамыр көпсіді, қар көпсін, лай көпсін, тары көпсіді, мақта көпсіді, шаң, топырақ көпсіді, денесі көпсу* т.б. сияқты бейнелі тіркестер жасайды (ҚТТС, 5, 182-183). Бұлардың бәрінде “жұмсақ” архисемасы сақталуымен қатар үлгілеу, көпіршіп көтерілу, үлкею, ұлғаю, жеңілдену тәрізді семалар да қосылған. Халық арасында көрпе-жастық, киіз-текемет, жүннен жасалған бұйымдарды күнге жайып *көпсіту* ұғымы бар, яғни заттар күнге кеуіп, жұмсарып, көтеріліп, жаңарады. Ендеше қазақ диалектілерінде айтылатын *көпшік, аткөпшік, аткөрпе* атауларының архисемасы – *көп/күп* түбірінен тарайтын “жұмсақ, мамық”, ол жүн, түбіт, құс мамығы ұғымдарынан шығады. Халықтың табиғи материалдың ерекшелігін, қасиетін ерте кезден-ақ білгені байқалады. Халықтың өткен өмірін, тіршілігін сипаттайтын сөздердің диалектілерде сақталуы халықтың мәдени өмірінің жергілікті сипатын танытумен қатар, ұлттық мәдениеттің тұтас бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Қазақ тұрмысында шымылдың орны ерекше. Оралдың Қазталовка ауданында *Жаршау* – шымылдық (*Жаршауды* үйдің қабырғасына жақын ұстайды (Қаз.). *Желтей* – шымылдың желбірі, желбіреуігі (Жамб., Тал.), Орынборда – *жалтылдақ*, екі лексеманың да түбірі бейнелік еліктеу сөздер: *желт, жалт*; жіңішке дауысты (желп) сөзге біршама нәзіктік семантикасын береді. *Қосаға* шымылдың жоғарғы әшекейлі бөлігі (Мына шымылдың *қосағасы* жақсы екен (Аб.). *Желтей, жалтылдақ, қосаға* шымылдың сәндік үшін жасалған бөлігі ғана емес, ол – киіз үй символикасымен ұштас ұғым. Шымылдық киіз үйдің оң жағына құрылады, оң-жақ киіз үйдің сакральді бөлігі, шымылдық - жастық, тазалық, адалдық, ұрпақ жалғастығы, өсіп-өну символы, қазақ ұлтына тән мәдени коннотация көрінісі. Ұлтқа тән мұндай белгілер жөнінде В.Н.Телия “... это в самом общем виде интерпретация денотативного или образно мотивированного, квазиденотативного аспектов значения в категориях культуры”, - дейді [3, 214-б.]. *Бақалақ* - шымылдың бау өткізетін балдағы, сырғасы (Шымылдың *бақалағы* жалпақ болса, қосымша көрік береді (Қост., Фед.). *Желтей, жалтылдақ* негізінен, шымылдың жоғарғы, бас жағына салынады, ал *бақай етек* – шымылдың етегі (Шымылдың *бақай етегі* кірлепті, күн жылынысымен жуып ал (Қост., Фед., Семоз.). Шымылдық құру үшін баған орнатылады, баған шымылдықты құлатпай ұстап тұру үшін керек. *Бақан/баған* – көшпелілер тұрмысында символдық мәні жоғары ұғым. Соның бірі – Н.Л.Жуковскаяның пікірінше, өмір мен өлім идеясымен байланысы, “... если юрта осмысляется в мифологии как модель вселенной, то багана – это мировая ось, соединяющая тоно(верх) и землю (низ), проходящая через прошлое – настоящее- будущее пространственно-временного континуума”, дейді [4, 22-б.] монғол халқының дәстүрлі мәдениеті жайлы еңбегінде. Осы бақанға сүйеніп құрылатын шымылдық, оның жоғарғы жағы ұғымы (*желтей, жалтылдауық, қосаға*) мен төменгі етек жағының *бақай етек* халық санасында өзіндік таңбаға ие болуы – жер мен көк (аспан), өмір (тіршілік) мен өлім арасындағы байланыстық, жалғастықтың символы. *Жастағаиш/жастағыиш/ жастықағаиш* – түнде жастанып жататын, күндіз үстіне жүк жинап қоятын өрнек салған әшекейлі ағаш, жүкаяқ, тұрмыста бірнеше қызмет атқарады. Варианттардың бір-бірінен тұлғалық айырмашылығы бар: *жастық+ағаиш* күрделі атауында сыңарлар дыбыстық формасын толық сақтаған, ал *жастағаиш* тұлғасы ықшамдалуға ұшыраған, *жастағыиш* - синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз (*жаста(н)+ғыиш*), диалектілік мағына Орал облысы, Қарақалпақ қазақтарында кездеседі, *жастықағаиш* тұлғасы диалектаралық омоним құрайды. *Жүк, жүк жинау* ұғымында көшпелі тұрмысқа тән коннотация жинақталған, жүктің үстіне шықпайды, бақ кетеді, обал болады дейтін тыйым бар әрі жүктің үстіңгі жағына жастық жияды, қазақ жастықты баспайды, аттамайды. Ол да сол бақ-дәулет ұғымымен ұштас. Сонымен бірге шағын ғана мекенге

тұрмысқа қажетті заттармен қоса көрпе-жастық бұйымдарын сыйғызып, ретпен әсем жинап қою үлкен талғамды танытады, қазақ тұрмысында төсек-орын күн көтерілгенше шашылып жатпайды, осының бәрі ұрпақ тәрбиесі, қыз тәрбиесінде маңызды, “қыздың жиған жүгіндей” дейтін сүйсіну мәнді ұлттық мәдени коннотациялы тіркестер *жастағаш/жастағыш / жастықағаш* тәрізді қарапайым тұрмыстық заттар арқылы туған.

1. Тұрышев А.Қ. *Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: Филол. ғыл. док. дисс. авторефераты.* – Алматы, 2005.

2. Бакинова Г.Б. *Лексика диалектов киргизского языка в ареальном освещении.* – Фрунзе: Илим, 1990.

3. Телия В.Н. *Русская фразеология. Семантический, прагматический аспекты.* – М.: Языки русской культуры, 1996.

4. Жуковская Л.Н. *Категории и символика традиционной культуры монголов.* – М.: Наука, 1988.

#### Резюме

В статье рассматриваются вопросы изучения материальной и духовной культуры на материале диалектной лексики казахского языка.

#### Summary

The article is about investigating the material and spiritual culture base on the dialectal lexics of Kazakh language.

### ИМПЛИЦИТНОЕ ВЫРАЖЕНИЕ ГИПОТЕТИЧЕСКОЙ СЕМАНТИКИ В ДРЕВНЕРУССКОМ ЯЗЫКЕ

Г.Р.Кадырова -

кандидат филологических наук, доцент КазНПУ имени Абая

В понятие языковой интерпретации смыслового содержания, наряду с другими компонентами А.В.Бондарко включает различие эксплицитного и имплицитного представления смыслового содержания [1, с.2]. По определению ученого, «эксплицитное содержание – явное, непосредственно выраженное тем или языковым средством, имплицитное содержание – специально не выраженное, а лишь подразумеваемое, вытекающее из эксплицитного содержания или из связанной с ним контекстуальной или ситуативной информацией» [1, с.3].

В настоящей статье анализируется имплицитно передаваемое содержание в древнерусском языке на примере гипотетической семантики. Материал для анализа извлекался из письменных памятников древнерусского языка XIV-XVI вв. путем сплошной выборки.

Как показывает проанализированный материал, предположительная семантика имплицитно выражается в сложноподчиненных предложениях с придаточными разных типов.

В наибольшей мере оттенок условно-предположительной семантики присутствует, по нашим наблюдениям, в придаточных времени. Так, союз *егда* в придаточной части, помимо темпоральной семы, соответствующей тождественной семе *тогда* главной части, может включать условно-предположительную сему, идентичную семе *аще*. Такое употребление обнаруживается в сложных конструкциях с временными отношениями предикативных частей, в которых компонент *тогда* в главной части является обязательным. Посредством использования союза *егда*, соотносительного слова *тогда* и глаголов в настоящем постоянном времени говорящий передает следствия, обычно имеющие место при определенных обстоятельствах: *егда по сотворении познание и раскаяние не имеет, тогда убо грех злейший бывает* [ПИГр, 60].

Примечательно, что Т.П. Ломтев трактует придаточные с союзом *егда* как придаточные условные. По мнению ученого, в древнерусском языке происходил процесс передвижения вопросительных предложений вопросительного модального плана с вопросительными наречиями *когда*, *когда бы*, *егда*,